ஏ



Ғарыш

АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ
2019

УДК 398
ББК 82.3 Қаз
Е 74

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие үрдісінде пайдалануға ұсынады

Е 74 **ЕР ТАРҒЫН.** Батырлар жыры. / Өңдеген Ш. Күмісбаев. – Алматы: "Алматыкітап баспасы", 2019. – 104 бет, суретті.

ISBN 978-601-01-3836-0

Батырлар жыры – халқымыздың тарихының қайнар көзі. Бұл эпостар бізге көлемді поэма жанрында жетті. Кейде өлең ырғағы проза жолдарына ауысып отырды. Соңғы екі-үш жыл шамасында біздің баспамыз эпостық жырларды проза жанрына айналдырып, балаларға арнап өңдеп шығара бастады. "Қобыланды батыр", "Алпамыс батыр" және ұсынылып отырған "Ер Тарғын" эпостарын проза жанрына өңдеген белгілі балалар жазушысы Шәкен Күмісбаев. Эпосты оқу барысында балалар қазақ халқының өткенімен, ел қорғаудағы ерлігімен танысады. Ер Тарғынның ақылы, адамгершілігі, ерлігі жас ұрпақтың бойына Отанына деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезім ұялатады.

Heroic eposes are one of the genres of Kazakh nation's folklore. The names of such batyrs as Er Targyn, Alpamys, Koblandy, Kambar and their feats of arms lived among people during many centures. They piously believed that batyrs' spirits eternally accompanied the Kazakhs' nomad camps, defending their lands from an enemy and safeguar-ding their descendans' pease.

The essence of the epic work is remade taking into consideration the age peculiarities of children of the junior and middle school age. The beautiful pictures will facilitate the vivid perception of heroes and the comprehension of the book.

УДК 398
ББК 82.3 (5 Қаз)

© Күмісбаев Ш., 2013
© "Алматыкітап баспасы" ЖШС, 2013
© Дүзелханов А., 2013

ISBN 978-601-01-3836-0

Өмірге кімдер келіп, кімдер кетпеген? Шапса қылыш кеспес, атса оқ өтпес, отқа салса жанбас, суға салса батпас батырлар да фәниден бақиға аттанған. Ел есінде есімі бар, көкейден көлеңкесі өшпеген, ат басындай жүрегі, атан түйедей жілігі, ақылды, білігі мол, көргені бейнетті жол, елім деп еңіреп туып, жұрты үшін жауын қуған, атағы асқар таудай батырды қалай ұмытарсың?! Олай болса, сол туралы бір әңгіме айтайық. Құлағыңды сал, балақай, ендеше!

Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, жеріне жау аяқ басуға жүрегі дауаламаса да елі бірлігінен айырылған, ері тыныштығына зар, жер қайысқан Ноғайлы деген жұрт өмір сүріпті, отыз ұлысқа бөлініп, адам мақтардай білікті, бейбіт күн өткізе алмапты. Әр ұлысты хан билепті, жүрген жері дау, шаң болыпты. Халық қасында биі жүріпті, билеушісін жақтап итше үріпті. Хан қара орман жұртын тонапты, жұрты мақтар қомақты іс қылмапты. Туысынікін тартып алыпты, биі содан енші алып жарыпты. Қойшы, сонымен хан да, би де елді жәбірлеумен, туысы әбігермен күн кешіпті. Басқа жұртқа: “Мен баймын, мен паңмын”, – деп бөсіпті. Қасқыры көз тоймаған лаң болса, бөлтірігі одан өткен айыр тілді жылан болыпты. Сөйтіп, өмір өтіпті, талай жылдар, аршындаған айлар, ат желісті апталар, қас қағым сәт күндер келмеске кетіпті.

Осындай ез заманда, әйтсе де жұрты бар, бала-шағасы аманда, Қазылық тауының терістігінде, көк өзен, көкорай шалғынды мекенінде, қиян далада Естерек есімді бір мерген өмір кешіпті. Құлан аулап, қарақұйрық атып күн көріпті.

Естерек мергеннің Тарғын есімді қартайғанда көрген жалғыз ұлы бар еді. Ұлы болғанда бала кезінен-ақ күші толысып, көкірек соққан

көп күштіні бұйым көрмей көкке атыпты. Атан түйені өркешінен басып шөктірер қайратты, қаһарлы, сұсты, ел бастар батырлығы байқалған бозбала екен. Оны мен солын ерте таныған жас жігіт ханының залымдығын, биінің арамдығын сезіп, одан жапа шеккен жұртының жайына қайғырып, егерәкім жау шапса, өзара қырқысып, бас-бастарына би болған билік иелері жұртын дұшпанына байлап берер деген қауіппен Қазылық тауынан асар жауды күтіп, Темірқақпа деген жол аузына жылжып қонады. Тарғынның Азбан, Тарлан атты екі аты бар еді. Тұманды күні Тарланды, ашық күні Азбанды мініп, жау келер тұсқа көз салып қойып, тірлігін істеп жүреді екен.

Күндердің күнінде Тарғын жортуылдан келіп, ат ауыстырып мінейін десе, алдынан өгіздей өкіріп қарт әкесі шығады. Үсті-басы сауыс-сауыс, бет-жүзі жара, сақалы қырқылған, жүзі қарайып қатқан қан. Тарғын алғашқыда тау асып келген жаудың басбұзарлығы ма деп қалады.

– Жан әкем-ау, бетіңді жаралаған кім? Сақалыңды қырқып, қанға бояған қай содыр? Темір қақпаның басында жау күзетіп мен тұрдым. Мына сойқанды салған көктен түскен сайтан ба, жерден шыққан жалмауыз ба? Саған қорлық көрсеткен қай жауыз? – деп сұрады ол.

– Балам-ау, жау көктен түскен жоқ, жерден шықпады да. Іштен шыққан содыр, өз ауылымыздың хайуаны, – деді өкси жауап берген әкесі.

– Оның кім тағы? – деді баласы түгі тікірейіп. Ерігіп жау таба алмай жүрген жас па, ақылынан алжасқан қарт па? Ұзында өші, қысқада қандай кегі бар екен, ол иттің?

– Кек қайдан тусын. Өш қалай тұтансын. Жау іздер жұрт жорықта, алжасқан қарт төсекте. Бетінен қаны шығып, жүзінен түгі тікірейген Шортан деген би – сотқарың. “Тентек” деп мені айыптаған түрі, алым жиған сиқы бар, – деді әкесі.

– Атам заманнан бері жазықты атанып, айып төлемек, бағынышты боп, алым бермеп ек. Даладан көшіп келген соң, берген ерулігі осы ма? Сый-сияпат көрсете алмаған шығарсың, әке!?

– Басымды иіп, қол қусырып алдынан шықтым. Қазақ деген атымыз бар. Қонақжайлық еншілеген затымыз бар. Әзірге есім дұрыс, тәубамнан жаңылған жоқпын. Арнайы орда тіктірдім. Шарамен қымыз ішкіздім. Семіз қойдан сойғыздым. Алдына аяқ-аяқ бал қойғыздым. Ордама түспеді. Бал мен қымызды ішпеді. Қойдың етін жемеді. Рақмет те демеді. Есесіне: “Бетіңмен кеткен бейбақсың”, – деп, бақырды. Ат үстіне шірене отырып ақырды. “Құланның қазысына семірген қақбас”, – деді. “Шортан бидің мың қос жылқысында жоқ тұлпар сенде неге бар? Орман бидің кермесіне байланбаған түлік, сенің жылқыңда қайтіп жүр?” – деді. – Қасқайып тұрып лау сұрады. Жөн-жосықсыз сөзді құрады. Жабыдан жетеуін бердім, алмады. Арғымақтан алтауды беріп ем, алмады. Желжетпестің тізгінін ұстат-

тым, алмады. Құсжетпесті бердім, алмады. Тағалы бозды ұсындым, алмады. Онысымен қоймады. Жақындап жетіп, атын ойнатып, кеңірдегіме қылышын тақады. Қорлықтан өле жаздадым. Қайратым қайтқан шақта бүйткенше бауыздағаны жақсы еді. Сақалымды кесті, аяғымен таптады. Онымен қоймай қылышын қынына салып, қолына дырау қамшысын ұстады. Құлы сияқты бас-көзіме қарамай тілгізіп, жанымды қыстады. Барлығын көтерер ем, қасындағы қырық жігітінің қарқылдап күлгені намыс боп жанды. Қойшы, ақыры бөкен сан, бөрі құлақ, болат тұяқ, бөкен қабақ тебінгісі мен тоқымы алтын, батыр мінсе жарасатын, бір өзі мың жылқы татыр Тарланды тартып әкетті, – деді әкесі.

Тарғын жарылып кетуге шақ қалды. Желжетпеске мінді, Құсжетпесті жетекке алды. Шортан бидің тұрағы қайдасың деп салды.

Қос тұлпарды кезек мініп, ойды-қырды жүріп, Шортан би талма түстің кезінде ұйықтап, түс көрген тәтті сезімде жатқанда Тарғын келіп жетті. Шатырының тұсынан дауыстап:

– Әй, Орман ханның Шортан биі, сәскеден асып, түс болды. Бұл бір ойламаған ер оянатын іс болды, – деді.

Тарғынның әзірейіл үнінен Шортан шошып оянды, қалтырап, құты қашты, еске түсірді, бөріден қашқан қоянды. Сасқан күйі сауытын киді, қарманып қылышын ілді. Шатырдың жабығынан сыртқа көз тастап, бір пәленің басталғанын білді. Сөйтті де: “Бұл да бір әзірейіл емес, екі аяқты, бір басты адам ғой. Буынымды бекітіп, еркекше іс қылайын”, – деп түйді. Енді Шортан бидің ұйқысын бұзғанға ашуы келді. Күркетауықша күжірейіп, сыртқа шығып: “Не айтасың?”– деп қабағын түйді.

– Ей, Орман ханның Шортан биі, менің әкем Естерек мергеннің ауылына келгенде арнап тіккен ордаға түспепсің, бал қымызды ішпепсің. Қайратсыз қарт әкемнің қыл мойнына қылышыңды тақапсың. Қамшыңды оңды-солды сілтеп, зорлық, бақастық көрсетіпсің. Өзіңді-өзің сөйтіп жан алқымға жақындатып, басы артық іс жасапсың, – деді Тарғын үні жер астынан шыққандай гүжілдеп.

Шортан би қатты асты, Тарғынның сұсы басты.

– Отауыңа түсейін, батыр. Қымызыңды ішейін, батыр, – деді Шортан би бүгежектеп. – Тарланыңды өзіңе бердім. Желжетпесті, Құсжетпесті, Ақтабан ала жорғаны, күдіс бел күрең жорғаны ал десең, алайын. Арғымақтың алтауын, жабының жетеуін қалайын. Айтқаныңа жарайын.

Тарғын Шортан бидің сөзіне қатты ашуланды.

– Әкеміз киесіз емес, ауылда мен бармын, иесіз емес. Көрген қорлық, қамшының табы естен кетпейді. Тән жарасы жазылар, жан жарасы бітпейді. Адастың ба, алжастың ба, білмеймін. Алдыма түсіп жүр деймін. Сақалын кескен қартыма аяғына жығылып, кешірім сұрауыңды, ер болсаң біл деймін, – деді тұтанып тұрған Тарғын.

Шортан би көз астымен ұрлана қараса, қасындағы қырық жігіті Тарғынды қоршауға ала бастапты. Серіктерінің тірлігіне қайраттанған Шортан би жас жігіт – Тарғынның өзіне бұйыра сөйлегеніне шамданғанын білдіріп, көлеңкеге байланған боз арғымаққа қарғып мініп, жан-жағына масаттана қарады.

– Үндемесем үйдей тірлік танытқан боласың, бала! Орман ханның Шортан биіне өктем сөйлеп, әмір берер кім едің? Әкеңнің сақалын кескен қылыш сенің басыңды домалатпасын білмедің. Әу, жігіттер! Қызыққа қараңдар! Дәл қазір мына кеудемсоқтың басын алам, мұрнын кесіп, құлағын тесіп, Тарланның қанжығасына бөктеріп, әумесер әкесіне барам, – деді Шортан би шыныменен кектеніп. Сөйтті де қайқы қылышын қынынан суырып, астындағы мінісін тебініп, өліспекке бекініп Тарғынға жақындай берді.

– Ойынды қой, Шортеке, – деді Тарғын.

– Ойыным қиын қатты еді, – деді Шортан би.

Сөйтті де қылышын көтере берді. Онысы Тарғын үшін бұйым емес-тін. Жас батыр қолындағы он екі өрім бұзау тіс дыраумен Шортан биді құндыз бөрікті басын тұспалдай тартып үлгерді. Кеңсірігі қақ бөлініп, жағы қираған Шортан қан құсып, қорқырай аударылып, ат бауырына түсті. Батырға да жан керек, әлгіндегі сұстанып тұрған қырық жігіт мына сойқанды көріп, қаруларын тастай, жан-жаққа тым-тырақай қашты. Тарғын оларды қууды да жөн көрген жоқ. Тарлан аттың басындағы ноқтаны шешіп, жүгенімен жүгендеп, ерттеп мініп, Желжетпес пен Құсжетпесті жетекке алып, ауылға қарай басты.

Баласын көрген әкесі алдынан жүгіріп шықты.

– Орман ханның Шортан биін өлтірдім, әке, – деді Тарғын атынан түсіп жатып.

– Орман ханның Шортан биін өлтірсең, басымыздан кетпес бәлеге тап болдық, балам, – деді баласының аяғын құшып отыра кеткен Естерек әке.

– Олай десең, қарт ақылы – қазына. Ақылыңды айт, әке, амалын іздеп тап, әке, – деді Тарғын.

– Шортан биі ханның сұраусыз болмас, балам. Оның үстіне, төре атанса не дерсің. Шортанның қаны мойныңа жүк. Қалай дегенде де, қайғырма да, қамықпа. Әкең жасарын жасады, асарын асады. Бір аяғым көрде, бір аяғым жерде. Маған қарайлама. Тарланыңа мін де жөніңді тап. Ноғайлының жері кең, – деді әкесі.

Тарғын салып ұрып анасы Есенбикеге жетті.

– Орман ханның Шортан биін өлтірдім, басым өшпес пәлеге қалды, жан ана. Құшағыңнан кетіп барамын. Ақ сүтіңді кешіп, батаңды бер, – деді Тарғын.

– Орман ханның Шортан биін өлтірсең, ерге лайық бір басың, балам! Ақ сүтімді ақтағаның, балам, – деді абзал ана, қолын жайып ақ батасын берді. Сонан соң ұлын құшақтап тұрып, ақылын айтты.

– Балам, хандардың сарайының қарсы алдынан өтпе, өтсең жанжағыңа бұрылып қарама. Жатқа жақындасаң да, садағыңды берме, берсең, адырнасын алып қал. Жаумен бітіссең де, оғыңды берме, берсең, жебесінің ұшын егеп бер. Екеуі де қатер, осы екі қатерден аман өтсең, ұзақ жасап, арманыңа жетерсің.

Тарғын ауылмен, ата-анасымен қоштасып, Тарланға аяқ салып, ерге бекем қонып, жүріп кетті. Жас ердің алдында үш жол тұр еді. Оңға бұрылған жол – қазыналы Қазанға, солға кеткені – айдынды Азауға, тіке кеткені қияндағы Қырымға баратын еді. Тарғын ешқайда бұрылмады, тура тартты.

Ол уақытта Қырымның қырық мың мешіті, қырық ханы бар еді. Қырық бөлек елдің осыншама хандарының ішінде ең үлкені Ақша хан болатын. Тарғын сол ханның қол астына келіп кірді. Жылжып жылдар өтті, адымдап айлар өтті. Бірталай уақыт озды. Тарғын ер ағайын, меймандос жұрт ішінде қонақ болып жүре берді. Ешбір кісі Тарғынның батыр екенін білмеді, өзі де оны елге айтып мақтанып жүрмеді.

Сол кезде Қырым жұртының арғы жағында он сан Оймауыт, тоғыз сан Торғауыт деген дүшпаны бар болатын. Оларды Олалай, Бұлалай деген хандар басқарды. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарған бұларды Ноғайлы елінде қанша бір батыр өтсе де елін жаулап, жерін даулап ала алмады. Тас түйін отырған елдің етек-жеңі жинақы, әскері әрқашан сақадай сай еді.

Күндердің күнінде Ақша хан аталарынан асуға талап етіп, неше мың шеру жинап жорыққа аттанды. Ешкім шақырмаса да Тарғын хан әскерімен қосылып, жауға қарсы жол салды. Ауыр қол арада апта жүріп, ай жүріп, жау елінің шекарасына ілінді. Оймауыт пен Торғауыт Ақша хан әскерінің қарасын көріп, барабан соғып, дабыл қағып, неше мың әскерімен шеп құрып, күтіп алып, түйінді. Бұл бір адам көрмеген, жан түршігерлік қан-қасап соғыс еді. Қан бұлақ болып ақты. Аттар тізеден қан кешті. Торғауыттың тас бекінген қамалын Ақша хан ала алмады. Қанша бір Ноғайлының әскері басым түсіп, жауын ықтырғанмен Олалай мен Бұлалай хандардың әскерін шаба алмады. Орындалмады Ақша ханның бар арманы. Онымен қоймай, қамалға кіріп бекініп алды. Осы бір уақытқа дейін Тарғын батыр ұрысқа кірмей, сырттай бақылаулы еді. Ақша хан әскері қаншама бір ұрыс салса да, қамалды ала алмады. Өйткені, қорған-қамал көп мұнаралы биік еді. Жау садақшылары үзеңгі ойығындай тесіктен сығалай қарап, Ноғайлының батырларын біртіндеп атып, құлата берді. Қорғанға өрмелеген сарбаздардың үстінен қазандай тастарды домалатып, үстіне қайнаған қарамай құйып, көп әскер өлді.

Біраз уақыт өткен соң Ақша хан әскерінің тоз-тозы шығып, берекесі кете бастады. Сырнай-кернейін тартып, еліне кетуге бет қойды. Өйткені, азық-түлігі таусылып, әскер саны азайған еді. "Аңдыған жау алмай қоймайды" деген бар, Ақша ханның бұл тірлігін байқаған жау әскері қақпадан мұз құрсаудай атылып шығып тап берді. Бұл қарсыласының әскерін аман жібермеудің амалы еді. Мұның алдында да Ақша хан әскерінің соғыс қимылын бағамдап соғыспай жүрген Тарғын қатерлі іске белін буды. Басына күмістей жарқыраған болат дулыға, кеудесіне торкөз көбе, көп табақты шарайна киіп, мінісінің құйысқанын қысқартып, екі айылын берік тартып, бір Аллаға сиынып, тұлпарына мінді.

Төрт аяқтан басқаны оқ өтпестей етіп құрсаулады. Бұл сәтте қамалдан шыққан жау әскерінің бір тобы Ноғайлының жауынгерлерінің бір бүйірінен тиіп ығыстырып, ұран салды. Тарғын ер бұларға да, Ақша хан әскеріне де қарамады. Бірден қамалға кірді. Сары ала туы салбырап, екпіндей шапты. Тарлан да құлағын жымырды. Тарғын алты құлаш ақ найзасымен алдынан жол ашып, ауыр алдаспанын суырды. Жауды оңды-солды шапты кеп. Гүрзісін алып, темір торлы қақпаның тас топсасын быт-шыт қылды. Қарсы шыққандарды садақпен атты, қанжармен шапты. Тарғын қамалға кірген соң Ақша ханның әскерлері мұның Тарғын екенін танымаса да, әйтеуір Ноғайлының бір батыры ғой деп ұран сап, соңынан олар да кірді. Тарғын тазартқан жолмен бұлар да тас қамалға жетті. Батыр төңірегін жусатып салып, қамалға енгенде қалың әскер де солай ойысты. Қамал қолдан кеткен соң жау әскері де жеңілгенін мойындады. Қаруларын тастап, ханнан бастап, қарашасына дейін бас иіп, жан сауға сұрады.

"Ежелгі дұшпан ел болмас" деген, жауды жеңген соң, жеңіс тойын тойлаған Ақша хан әскері еліне қайтты. Отанына оралып, көңілі орнына түскен Ақша хан "ашаршылықта жеген құйқаның дәмі тәтті" дегендей, жауына қарсы шауып, бет қаратпаған жұмбақ батырды іздетті. Алтындаған тағына жайғаса отырып:

– Кешегі қырғында жау шебін тас-талқан етіп бұзып, қамалды алған батырды тауып әкеліндер, – деді.

Айтты, орындалды. Ақша хан бұрын ісін көрген Тарғын ердің өзін көріп сүйсінді. Тұлғасына көңілі толып, өз қарауындағы батырлар емес – өз жұртының баласы емесіне түйсінді.

– Батыр, қай туғансың? – деді сонан соң.

– Мен қазақпын, – деді ер Тарғын.

– Қырымда Алшын да бар, Арғын да бар. Қыпшақ пен Керей де бар. Тама мен Үйсін де бар. Бірақ туған жердің түйін топырағы алтын. Қалай қиып кеттің? – деді хан.

– Хан ием, мен ханымыздың бір жақсы биін шаһид еттім. Жұрт мен үшін аса тынышсызданды. Билікті білегіне ілгендер қастандық

жасар деп қорықты. Сол себепті сіздің елге келдім, – деді ер Тарғын.

– Кешегі жауға көрсеткен қайратыңды соларға көрсетпедің бе? – деді Ақша хан.

– Өз жұртымды нақақтан жылату дұрыс емес. Ердің ісі – жауды туған жеріне жақындатпау, – деді батыр.

Ақша ханға ер Тарғынның әділ жауабы, ақыл-парасаты ұнап, үкім шығарып, оны әскербасы етіп тағайындады. Сөйтіп, ол елдің жарты билігін қолына алды. Бұрын кейбір қолбасылар ел тонап, ағайындарға зорлық қылатын. Немесе бір түнде аңдып жүрген көрші ағайындарға шабуыл жасап, жанын, малын барымталап, жақынды алыстатып, өшіктіретін. Қолбасы бассыздықтың бәрін тыйды. Жанына жолбарыс жүректі, палуан білекті жолдастарын жинап, тентектерді көнсе ақылмен, көнбесе күшпен тыйып жөнге салды. Елде тыныштық орнады. Жұртынан безген батыр, ханынан жеріген қараша жан-жақтан ағылып кеп, пана тапты. Сауық-сайранды өмір сүрді.

Ақша ханның бір қызы бар еді. Бектер мінген бедеудей бауырынан жараған, шашын піл сүйегінен жасаған тарақпен тараған, бет-ажары жазғы ерке сағымдай, қабығынан айырған дәннен шыққан ақ ұлпа ұндай еді. Белі мың бұралып бүгілген, қараған кісі үңілген, қолаң шашты, қой көзді, кірпігі оқтай тігілген Ақжүніс атты ару еді бұл қыз. Тарғынның ісі, ақыл-парасаты елге таралып, хан қызының құлағына да жеткен еді. Сұрастыра келгенде Ақжүніске Тарғынның батырлығын, ерлігін, қайратын күндері мен қарауыл құлдары мейлінше мақтап, жетесіне жеткізе айтып берген-ді. “Жігітті ел мақтаған, қыз жақтаған” деген бар. Хан қызы Тарғынның жұртты бірлікке бөлеген мәрттігін естіген соң, тіптен үзіліп салды, тынышынан айрылып, отырса ойына, ұйықтаса түсіне кіретін “пәлеге” қалды. Ақыры төзіп тұра алмады. Күндердің күнінде құлдарының бірін шақырып алып, қолына мың ділдә ұстатты.

– Мына ақша уәдеміздің кепілі болсын. Осында қырғыз жұртынан өздерің мақтауын жеткізген Тарғын деген батыр жігіт барын білесің. Сол Тарғынды ешкімге білдірмей шақырып алып келіп, маған жолықтыр. Егерде бұл құпияны өзіңнен басқа кісіге білдірсең, неше жерден кескілеп өлтіремін, – деді сөз аяғына әзіл сала сөйлеген хан қызы Ақжүніс. – Шын мәрт бозбала болса, сөзімді жерге тастамас. Сәтті күннің бірінде, ел аяғы басыла, менің мынау ашпалы алтын тереземнің тұсына ертіп кел.

Айтылған сөз, атылған оқ. Құл екеш құлға да жан керек, батырға барып жолығып, хан қызы Ақжүністің сәлемін жеткізді.

Қыз сәлемін орындамау күнә, оның үстіне хан қызы болса ше?.. Мүмкін кеселді шығар. Мені мазақ қылып жүрмесін.

Тарғын кешті батырып, құлдың нұсқауымен алтын терезенің тұсына келіп қызға белгі берді.